

Шохаев Е.К.¹, Керім Ш.Т.², Әкімханов А.Б.³

¹PhD докторанты, e-mail: ekon8080@mail.ru

²профессор, филол.ғ.д., e-mail: kerim-1962@mail.ru

³аға оқытушы, PhD докторы, e-mail: akimkhan1980@gmail.com

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**МУХАММЕД БИН АБДУЛУАХХАБТЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ
ТӘКФИРЛІК ИДЕЯНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ
(Күмәндарды әшкерелеу (Кәшф әш-шубухат)
трактатының негізінде)**

Мақалада 18 ғасырда Араб түбегінде өмір сүрген Мухаммед бин Абдулуаххабтың діни көзқарастары Кәшф әш-Шубухат трактатының негізінде діни-мәтіндік және рационалды-логикалық тәсілмен сыналады. Автордың көзқарастары мен Ибн Тәймияның тәлімінің арасындағы ұсқастыққа тоқталады. Ибн Абдулуаххабтың тәліміндегі тәкфирлік идеяның алғышарттары мен негіздемелері анықталып, талданады. Оқырманға өз тәлімін жеткізудегі агрессиялық тәсілдері нақтылап көрсетіледі. Трактаттың мәтіндері арқылы оның жазылуының басты мақсатын түсіндіруге әрекет жасалады. Ибн Абдулуаххабтың өзімен келіспеген мұсылмандардың барлығын, атап айтқанда, сопылық тәлімнің ерушілерін күпірлікпен немесе Аллаға серік қосушылықпен ашық айыптайтыны дәлелденеді. Тек айыптау ғана емес, өзінің ерушісін олардың қанын төгуге үндейтіні айтылады. Трактат мәтіндерінің мазмұны мен мақсатына қатысты сыни пікірлер ислам шариғатының негіздері мен ғұламалар қойған қағидаларға негіздеу арқылы беріледі. Мақала арқылы трактаттың және Ибн Абдулуаххабтың тәлімінің қарапайым мұсылмандардың сауаты жете бермейтін қауіпті аспектілері ашылады деп айтуға болады.

Түйін сөздер: Пайғамбар, күпірлік/куфр, тәкфир, тақфиризм, ислам діні, шариғат, Құран, хадис, иман, кәпір/кафир, Мухаммед бин Абдулуаххаб, мұсылмандар, Нәжід өлкесі, Күмәндарды әшкерелеу, тәуәссул, истиғаса, серік қосу, шапағат.

Shokhaev E.K.¹, Kerim Sh.T.², Akimkhanov A.B.³

¹PhD student, e-mail: ekon8080@mail.ru

²Professor, Phd doctor, e-mail: kerim-1962@mail.ru

³studies PhD, e-mail: akimkhan1980@gmail.com

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

**Prerequisites of takfiri idea in opinions of Muhammad bin Abdulwahhab
(On the basis of the treatise Exposure of doubts (Kashf al-Shubuhah)**

In the article, religious views of Muhammad bin Abdulwahhab, who lived on the Arabian Peninsula in the 18th century, are tested on the basis of the Treatise of Kashf al-Shubuhah on religious-textual and rational-logical basis. Resemblances between the views of the author and the teachings of Ibn Taimiyah are considered. Prerequisites and justifications of the Takfiri idea in the teachings of Ibn Abdulwahhab are identified and analyzed. Aggressive methods in carrying his teachings to the reader are concretized. Attempts are made to explain the purpose of this writing through the texts of the treatise. It is proved that Ibn Abdulwahhab openly condemned by disbelief or by giving a communion to the God all the Muslims who disagree with him, in particular the followers of the Sufism. Not only the condemnation, but he also called his followers to shed their blood. Critical reviews regarding the content and purpose of the treatise texts are based on the principles of Islamic Sharia and the principles set forth by the scholars. It is possible to say that through this article the most dangerous aspects of the treatise and the teachings of Ibn Abdulwahhab, which are not intelligible for ordinary Muslims, are revealed.

Key words: The Prophet, kufr / unbelief, takfir, takfirizm, Islam, sharia, Quran, hadith, iman / faith, kafir / unbeliever, Mohammed bin Abdulwahhab, Muslims, Najdi region, exposing of doubts, tauassul, istigasa, giving a partner, intercession.

Шохаев Е.К.¹, Керим Ш.Т.², Акимханов А.Б.³

¹PhD докторант, e-mail: ekon8080@mail.ru

²профессор, д.филол.наук, e-mail: kerim-1962@mail.ru

³старший преподаватель, PhD доктор, e-mail: akimkhan1980@gmail.com

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Предпосылки таффирической идеи во взглядах Мухаммада бин Абдулахваба (на основе трактата «Разоблачение сомнений» (Кашф аш-шубухат))

В этой статье рассматриваются религиозные взгляды Мухаммеда бин Абдулахваба, который жил на Аравийском полуострове в 18 веке, на основе трактата Кашфа аль-Шубухат на религиозно-текстовой и рационально-логической основе. Рассмотрены сходства между взглядами автора и учением Ибн Таймии. Определены и проанализированы предпосылки и обоснования таффирической идеи в учении Ибн Абдулахваба. Конкретизированы агрессивные методы, которые используются при передаче его учения читателю. Предпринимаются попытки объяснить цель написания этого труда через тексты трактата. В статье доказано, что Ибн Абдулахваб открыто осуждает неверие или присуждением сотворение Богу всех мусульман, которые не согласны с ним, в частности последователей суфизма. Он не только дает осуждение, но также призывает своих последователей пролить их кровь. Критические обзоры, касающиеся содержания и цели текстов трактата, основаны на принципах исламского шариата и принципах, установленных учеными. Можно сказать, что в этой статье раскрыты самые опасные аспекты трактата и учения Ибн Абдулахваба, которые не понятны для мало осведомленных мусульман.

Ключевые слова: Пророк, куфр/неверие, таффир, таффиризм, ислам, шариат, Коран, хадис, иман/вера, кафир/неверующий, Мухаммед бин Абдулахваб, мусульмане, Наждидский край, разоблачение сомнений, тауассул, истигаса, придание партнера, заступничество.

Кіріспе

Қазақ қоғамындағы дін мәселесі күрделі құбылысқа айналғалы бірнеше жылдың жүзі болып қалды. Еліміз жетпіс жыл Кеңес одағының құрамында болған жылдары өзінің діни тұғырнамасын әлсіретіп алды. Мұның зардабын бүгінде адасып атаға қарсы шыққан ұлдан, мемлекеттің қадірін білмеген қаракөздің қылығынан көріп отырмыз. Әрине бұл ахуал елдің болашағы мен қоғамның қауіпсіздігіне көлеңке түсіретіні анық. Себебін тауып, оның көзін жоймай ауруды емдеу мүмкін емес екені белгілі. Қазақ қоғамы ғасырлар бойы ханафи мазхабы мен матруди ақидасының негізінде исламды танып-біліп келеді. Ал бүгінгі діндар жамағаттың діни таным көзі түрленіп отыр. Сондықтан, біз бұл мақалада бүгіндегі дін саласының негізгі проблемаларының бірі – тәкфирлік идеяның негізгі субъектілерінің біріне тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Имам Ибн Ражаб әл-Ханбали Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Егер дауласа қалса, күнаға барады...» деген хадисіне түсіндірме бере отырып былай дейді: «мұндағы «күнә» дегеннің мағынасы – ақиқаттан әдейі тау,

яғни ақиқатты жалған, жалғанды ақиқат етіп көрсетеді. Бұл Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Жалған сөзден сақ болыңдар, себебі өтірік күнәға жетелейді, ал күнә болса, тозаққа бастайды» деп айтқандай өтірік сөздің апаратын нәтижесі болып табылады...» [1, 905 б.]. Демек, адам баласы өзінің ұстанымына қайшы пікірді сынаған кезде, ақиқаттан таймауға тиіс. Ешкімге зұлымдық жасамай, барынша ғылыми тәсілдің шеңберінде болуы шарт. Егер оның өзіне қарсы пікірдегі тарапты ұнатпауы шындықты жасыруға, жалған сөйлеуге итермелейтін болса, бұл ол адамның әділдіктің жолынан тайғанын білдіреді. Келесі кезекте, Құран «Сендердің бір қауымды жақтырмауларың әділетсіздікке апармасын. Әділдік етіндер...» [2, 5:8] деп тыйым салған істі жасаған болып табылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы бір хадисте «Шындығында сөзде сикыр бар» дейді [3, 7:30 б.]. Хадис адам баласындағы сөйлеу қасиетінің құдіретін айттып отыр. Егер, адам баласы шешен сөйлей алатын болса, дұрысты бұрыс, бұрысты дұрыс етіп шығаруы әбден ықтимал. Себебі оның шешендігі мен баяндау шеберлігі естуші құлаққа өзі қалағандай етіп сипаттап береді.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда мұсылмандардың арасындағы ауызбірлік пен ынтымаққа, атап айтқанда ислами-діни алаңда қызмет етушілердің өзара келісіміне зиян келтіріп отырған бірнеше принциптік проблемалар бар. Олардың мысалы ретінде, шииттер мен сүнниттер арасындағы басшылыққа (имамат мәселесі) байланысты тарихи-саяси келіспеушілікті, сүнниттердің өзара түрлі жамағаттар мен топтарға бөлінуін, мұсылман елдеріндегі сауатсыздық пен әлеуметтік ахуалдың төмендігін т.с.с. түйіткілді мәселелерді айта беруге болады. Соның ішінде ең қауіптісі – «тәкфиризм проблемасы». Мұсылмандардың бірін-бірі күпірлікпен айыптау арқылы өзара алауыздық пен дұшпандыққа душар болуы бүкіл ислам әлемін құлдыратуға апарып отыр.

18 ғасырда Араб түбегінің Нәжид өлкесінде (Қазіргі Сауд Аравия жерінің солтүстігі) Шейх Мухаммед ибн Абдулауххабтың өмір сүргені және оның аймақта айтарлықтай діни өзгерістер мен құбылыстардың орын алуына себепші болғанына тарих куә. Біз бұл мақалада оның діни көзқарастарының, атап айтқанда «Кәшф әш-шубухат (Күмәндарды әшкерелеу)» атты трактатындағы пікірлерінің ислам әлеміндегі «тәкфиризм» идеясына қаншалықты алғышарт болғанын объективтілікті сақтай отырып, ғылыми тәсілмен анықтап әрі талдап шығуға тырысамыз.

Ибн Абдулауххабтың «Күмәндарды әшкерелеу» трактаты өте ықшам бола тұра, анық жазылған. Оқырманды және өзінің ерушісін қайшы пікір иелеріне қарсы дәлелдермен және құжаттармен қаруландырады. Автордың айтқысы келетін ойлардың барлығы анық жеткізілген. Ибн Абдулауххабтың ерушілері арасында кеңінен тараған, жоғары деңгейде танымалдылыққа ие. Трактаттың мазмұны дерлік басқаны күпірлікпен айыптауға бағытталған. Алайда, тәкфир ету сөздері ұғынықты әрі түсінікті болғанымен тікелей сипатта емес. Осының негізінде, бұл трактатқа түсіндірме берген Ибн Абдулауххабтың заманауи ерушілері агрессиялық сипаттағы пікірлердің бар екенін жоққа шығаруға әрекет етеді [4, 31 б.]. Алайда, ешбір эмоциялық құбылыстарға бой алдырмай, объективтік тұрғыдан ғылыми көзбен ғана қарайтын оқырманды шатастыру мүмкін еместігі белгілі.

Мухаммед бин Абдулауххабтың дін негіздері мен пәтуалық сипаттағы көзқарастарына қатысты мұсылмандардың арасында екі қарама-

қайшы сипаттағы пікірлер бар. Біріншісі, Ибн Абдулауххабтың ұстанымы мен көзқарастарын ұлықтайын, дәріптеп-қастерлейтін, қажет болса пайғамбарлық дәрежеге дейін көтеруге апаратын бағыт. Бұл Ибн Абдулауххабтың артынан ерушілер мен оны көзсіз жақсы көруші топ. Олардың қатарында қазіргі Сауд Аравия Корольдігінің ғұламаларын, атап айтқанда Ибн Баз, Ибн Усеймин, Фаузан, Жибрин т.б. тұлғаларды айта беруге болады. Екіншісі, дін негіздері мен әхлу сүннет уәл жамағат ұстанымының негізінде Ибн Абдулауххабтың ісі мен еңбектеріне сыни пікірмен қарайтын ислам әлемінің ғұламалары.

18 ғасырда пайда болуымен қатар Ибн Абдулауххабтың агрессиялық сипаттағы көзқарастары мен пәтуаларын сынап, қателікке есептеп еңбек жазған тұлғалар көп болды. Солардың жарқын мысалы ретінде Ибн Абдулауххабтың өзінің бауыры Сулеймен бин Абдулауххаб «Ассауағиқ әл-иләхия фир-радди ала әл-уәххәбия» (Уәхәбилерге жауап сипатындағы иләхи найзағайлар) деген еңбек жазды. Сулеймен өзінің еңбегінде Мухаммед бин Абдулауххабтың және оған ерушілердің тәкфирлік көзқарастарын қатаң үлгіде сынайды. Ғұламалар арасында келісілген исламның қағидаларына қайшылығын объективтік тұрғыдан дәлелдейді [5]. Тағы бір атап айтар еңбек, саудиялық ғалым Хасан бин Фархан әл-Мәликидің «Дағиятун ләйсә нәбиян: қираатун нақдиятун лимазхаб әш-Шейх Мухаммед бин Абдулауххаб фи әт-тәкфир» (Ол дағуатшы, пайғамбар емес: Шейх Мухаммед бин Абдулауххабтың тәкфирге байланысты пікірлеріне сыни оқу) атты кітабы. Әл-Мәлики бұл еңбегінде Ибн Абдулауххабтың Кәшф әш-шубухат және Әд-дурар әс-сәния еңбектеріндегі мұсылмандарды күпірлікпен айыптауға қатысты сөздері мен көзқарастарына кеңінен тоқтала отырып сынайды. Ибн Абдулауххабтың логикалық, құқықтық қателіктер жібергенін дәлелдейді. Сонымен қатар, оның шарият мәтіндерін ортақ қағидаларға қайшы үлгіде бұрмалау арқылы ислам әлемінің шынайы жағдайына мүлде кереғар пікірлерді ұстанғанына баса назар аударады.

Бүгінгі әлемде Ибн Абдулауххабтың иман мен күпірлікке байланысты көзқарастары мен пәтуалық пікірлері кеңінен тарап отыр. Олай болуының өзіндік саяси және діни факторлары бар екені белгілі. Сондықтан, Ибн Абдулауххабтың еңбектеріне алдыңғылардың жолын жалғастырып, сыни сипатта пікір білдіру, жастар мен көпшілік діндарларға көріне бермейтін тұстарын ашып, анықтау

қажет деп ойлаймыз. Мақала арнайы бір ғана трактаттың шеңберінде болғандықтан, айтылатын пікірлерді тізбелегенді жөн көрдік. Себебі, кейбір мәселелер түрлі фразалармен болса да, мазмұны ұқсас болып отырады. Ибн Абдулауххаб өзінің алдына қойған мақсатын орындау үшін пікірлерін қайтарып отырып нығыздайды. Осыған орай, мақаланың негізгі бөлігін кішігірім тақырыпшаларға қарағанда, нөмірленген мәселелерге бөлу көбірек қисынға келеді деп санаймыз.

Бірінші мәселе: Әхлу сунна ғұламалары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және әулиелігі мен ізгілігі анық болған пенделердің Алла тағаланың құзырындағы дәрежесі мен мәртебесін араға салып дұға етуге (тәуәссул, истиғаса) шариғатымыздың рұқсат беретіндігін айтып кеткен. Соның бір мысалы ретінде, Имам әс-Субкидің сөзін келтірелік: «Біл, Пайғамбарымызбен тәуәссул, истиғаса жасау, Раббысының құзырында оның шапағатшыл болуын талап ету рұқсат етілген. Сондай-ақ, оның рұқсат әрі хайырлы екендігін пайғамбарлардың, елшілердің, ізгі әуелгілердің, ғұламалар мен мұсылмандардың істерінен көреміз. Бұл әрбір діні бар адамға белгілі істерден болып табылады. Мұны Ибн Тәймия келгенге дейін түрлі діндер өкілдерінің ешбірі жоққа шығарған емес. Ешқашан естіген емеспіз. Ол бұл мәселеде әлсіз, санасы төмен адамдарды ғана сендіретін сөзді айтты. Ешбір ғасырда болмаған бидғатты шығарды... Сондықтан, мен: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) тәуәссул жасау барлық жағдайда, ол (с.ғ.с.) жаратылудан бұрын, жаратылғаннан кейін, көзі тірісінде, өмірден озғаннан кейін барзақ әлемінде, қайта тірілуден кейін қиямет пен жұмаққа ұсынылатын кезде рұқсат» – деп айтамын» [6, 357-358 бб.]. Имам әс-Субки бұл мәселеде Ибн Тәймияға дейін ешбір ғалымның бөтен пікір айтып, қарсы ұстанымда болмағанын ашық айтуда. Тәуәссул немесе истиғаса жасаудың пайғамбарлар мен ғұламалардың істерінен екендігін нақтылап түсіндіреді. Олай болса, бұл істі Аллаға серік қосу немесе шариғат тыйым салған деп бағалауға болмайды.

Ал Шейх Мухаммед бин Абдулауххаб өзінің дауатында пайғамбарларды, ғұламалар мен әулиелердің шапағатынан үміт ете отырып дұға еткен, олардың Алланың құзырындағы мәртебесі мен дәрежесін алға тарта отырып сұраған адамды мүшіріктердің қатарына жатқызады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) заманындағы мүшіріктерден асқан қауіпті деп санайды. Ибн Абдулаух-

хаб трактатта: «Елшілердің соңғысы Мухаммед (с.ғ.с.) сол ізгі адамдардың суретін сындырды. Алла тағала оны құлшылық ететін, садақа беретін, Алланы көп зікір ететін адамдарға жіберді. Бірақ, олар Алла тағала мен өздерінің арасына кейбір махлұқтарды дәнекер етуші еді. Олар арқылы Аллаға жақындаймыз, Алланың құзырында бізге шапағатшы болуын қалаймыз... Егер олардың осылай ететіні анық болса, Алла Елшісі (с.ғ.с.) шақырған таухидке олар кірген жоқ. Олардың жоққа шығарып жатқаны біздің заманымыздың мүшіріктері ақида деп айтатын «құлшылық таухиді» екенін білесің...» дейді [7, 3-6 б.]. Осылайша Ибн Абдулауххаб истиғаса және тәуәссул тәсілдеріне жүгіне отырып дұға еткен мұсылмандардың барлығын бір мезетте мүшірікке теңейді.

Ибн Абдулауххаб жоғарыдағы пікірімен діннің мәні мен тарихын түсінуде қайшылықтар бар екенін көрсетеді. Себебі, Алла тағала Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Аллаға құлшылық ету былай тұрсын, Алланы танымайтын қауымға жібергені белгілі. Құрайштың кәпірлері «Алладан басқа тәңір жоқ» деген сөзді қабылдамады. Қиямет күніне, қайта тірілуге, жәннәт пен тозаққа, пайғамбарларға сенбеді. Бұттарға табынды, зұлымдық жасады, шарап ішетін, зина жасайтын, өсімнің малын жейтін, түрлі харам әрекеттерді істей беретін еді. Солай бола тұра, оларды намаз оқитын, зекет беретін, қажылыққа баратын, садақа беріп ораза ұстайтын мұсылмандармен теңеу үлкен қиянат болып табылады. Құранда «Мұсылмандарды қылмыскерлер (кәпірлер, мүшіріктер) секілді етеміз бе?, қалай үкім бересіңдер өзі?...» – делінеді [2, 68:35-36]. Аталмыш аят, мұсылмандарды мұсылман еместермен теңейтіндерді жазғырып отыр. Шариғаттың негіздеріне қайшы болатын пікірлерді тәуил (өз түсінігі бойынша дұрыстығын негіздеу) жасау арқылы ұстанатын тұлғаларды күпірлікпен айыптауға болмайды. Себебі, олар ішкі жан дүниесімен күпірлікке бармайды. Өз көзқарастарын бұрмаланған болса да, дәлелге негіздейді. Исламның шеңберінен анық жағдайда шықпағанша, мұсылман емес адаммен теңестірілмейді [4, 36-37 б.].

Екінші мәселе: Ибн Абдулауххаб таухидтің анықтамасын былай береді: «Алла сені рақымына бөлесін, біл, таухид – Алла тағалаға ғана құлшылық ету. Ол елшілердің діні, Алла оларды сонымен өзінің құлдарына жіберді...» [7, 4 б.]. Бұл анықтама таухид ұғымын толық қамти алмайды. Дініміздегі таухид ұғымының бір аспектісін ғана айтып отыр. Әхлу сунна ғұламаларының бірі

Имам әл-Бәжури таухидті былай деп түсіндіреді: «Таухид – жаратушыны затында, сипаттарында, істерінде жалғыз деп сенген әрі растаған халде құлшылық ету» [8, 38 б.]. Имам әл-Бәжури анықтаманы барлық аспектілерді қамти отырып береді. Алла Тағаланың затын, сипаттарын, істерінің барлығын ескеріп отыр. Ал Ибн Абдулауаххаб өз анықтамасын шариғаттың мақсатына емес, өзінің алдына қойған мақсатына сай етіп анықтама беріп отырғандай. Себебі, ол сену және растау мәселелерін былай қоя тұрып, бірден бір Аллаға ғана құлшылыққа баса назар аударуда. Оның бұл трактаттағы мақсаты өзінің ақидасы мен ұстанымына келіспеген мұсылмандарды күпірлікпен айыптап, мүшірік етіп шығару екені анық көрінеді. Мұны біз келесі мәселелерді талқылау барысында анығырақ байқайтын боламыз.

Үшінші мәселе: Ибн Абдулауаххабтың еңбегінде тағы бір байқалатын проблема – объективтіліктің жоқтығы. Алдына қойған мақсатына жету үшін мәселенің тиісті тараптары мен аспектілеріне тоқталмай, өз мүддесіне қызмет ететін тұстарын ғана айтып отырады. Мысалы, трактаттың алғашқы беттерінде былай дейді: «Мүшіріктер Алланың жалғыз жаратушы екеніне, серігі жоқтығына, тек өзі ғана ризық беретіндігіне, Оның бір өзінің тірілтіп және өлтіретіндігіне, бүкіл жаратылыстың шаруасын жалғыз өзі реттеп отыратындығына, аспан-дар мен ол жақтағылар, жеті қабат жер мен ол жақтағылардың баршасының Алланың құлдары екендігіне және оның әмірі мен қаһарына тәуелді болатындығына куәлік етті... Сондай-ақ, олар кемшіліктен пәк болған Алла тағалаға күндіз-түні дұға етіп, жалбарынатын...» [7, 4, 6 бб.].

Ибн Абдулауаххабтың мүшіріктерді бұлай сипаттауы сол уақыттағы өзіне қайшы пікірдегі мұсылмандарды мүшіріктерге теңеуге қызмет етеді. Себебі, аталмыш сипаттардың барлығы мұсылмандарда бар. Оның заманындағы мұсылмандарда Ибн Абдулауаххабтың сенім жолы мен ілімі ғана болмады. Ол мүшіріктер туралы бұл көзқарасында олардың Алла тағаланы тек әлемнің жаратушысы ретінде қабылдайтыны туралы келген Құран аяттарына сүйенеді. Трактаттың келесі беттерінде аталмыш аяттарды айтып та өтеді. Алайда, ислам ғұламалары ол аяттардағы мүшіріктердің Алла тағаланы Жаратушы ретінде мойындауларын қарсы пікір айта алмағандықтан, амал жоқ орын алған деп түсіндіреді. Егер мүшіріктер әлемді шындығында Алла жаратқан деп мойындаса, бұтқа табынып, Пайғамбарға қарсы

шығып, діннен бас тартпаған болар еді. Сонымен қатар, мүшіріктердің Алла тағалаға күндіз-түні дұға етуі ешбір тарихи дерекке сай емес. Құрайш мүшіріктері турасында келген тарихи деректердің барлығы бұл мәліметті жоққа шығарады. Егер олар Аллаға жалбарынғанда, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мен олардың арасында біз білетін келіспеушіліктердің орын алуы неғайбыл еді [4, 39, 44 бб.].

Автор мүшіріктерді өте керемет кейіпте суреттей отырып, олардың бойындағы және ісіндегі теріс қылықтардың біріне де тоқталмайды. Өз еңбегінде объективтілікті ұстанған автор екі дүниені салыстыру кезінде жан-жақты ұқсастық пен мәндік-мазмұндық үйлесімділікті ескеруге тиіс. Ал, мұнда біз оны көре алмаймыз. Керісінше, автордың кәпірлердің Құранда айтылған бір ғана жағдайын бұрмалап түсіндіре отырып, мұсылмандарды айыптауға әрекет етуін байқаймыз. Оның бұлай сипаттауы мұсылманды күпірлікпен айыптауға негіз боларлық жағдай болып табылады. Автор трактатта осылайша салыстыруға келмейтін екі мәселені салыстыруға, бірін-біріне ұқсамайтын екі жағдайды ұқсатуға тырысады.

Төртінші мәселе: Трактаттың алғашқы беттерінен-ақ, автордың мақсаты мен міндетінің өзімен пікірлес болмаған адамның қанын төгуге бағытталғаны байқалады. Олай дейтініміз, истиғаса, тәуәссул жасап дұға етудің Аллаға серік қосу болып табылатынын айта отырып, Алла Елшісінің (с.ғ.с.) өз заманында мүшіріктермен соғысуын тікелей осы себеппен ғана байланыстырады. Мысал ретінде, «Алла Елшісінің олармен дұғаның барлығы тек Аллаға, нәзірдің баршасы тек Аллаға, истиғаса тек Алламен, барлық құлшылықтар тек Аллаға болуы үшін соғысқанына көзің жетеді. Олардың таухид рубубияны (Алланың жаратушылық сипаты) мойындаулары исламға кіргізбегенін білесің. Сондай-ақ, олардың шапағат тілеу, Аллаға жақындау мақсатында періштелерге, пайғамбарларға, әулиелерге жүгінулері қандары мен малдарын адал етті. Осыдан кейін Елшілер уағыздаған, мүшіріктер қабылдамай бас тартқан таухидті білетін боласың...» деген қатарларды келтіруге болады [7, 7 б.].

Бұл жерде біз автордың ашықтан-ашық мыңдаған мұсылмандарды күпірлікпен, Аллаға серік қосудың айыптағанын көреміз. Ізгілердің шапағатын тілеуді таухидке тікелей қайшы әрекет ретінде бағалайды. Бұл айыптау тек қана Араб түбегі мен Кіші Азия ғана емес Орта Азия, Мысыр, Ирак, Сирия, Пәкістан т.б. секілді

елдердегі мұсылмандардың барлығына қатысты болып шығады. Тек айыптаумен шектелмей, мұндай адамдармен соғысуды Пайғамбардың (с.ғ.с.) хақ жолы етіп сипаттайды. Оның «Алла тағала оны құлшылық ететін, садақа беретін, Алланы көп зікір ететін адамдарға жіберді» [7, 3 б.] – деген сөзін өзіне қарсы ұстанымда болған мұсылмандарды Аллаға серік қосумен айыптай отырып, олардың қанын төгуді ақтап алу әрі негіздеу үшін жасалған әрекеті ретінде бағалауға болады. Алла Елшісі (с.ғ.с.) өз заманының мүшіріктері құлшылық жасап, садақа беретін болса да, олармен соғысты. Ал біздің заманымыздың мүшіріктері тәуэссәл, истиғаса жасай тұра, өздерін мұсылман деп санайтындар. Біз де Пайғамбар (с.ғ.с.) секілді өз заманымыздың мүшіріктермен соғысуымыз қажет дегенді анық айтуда. Әрине мұны қазіргі дінтанулық тұрғыдан нағыз діни радикализм мен экстремизмнің өзі деп сипаттауға әбден болады.

Осы тұста жоғарыда келтірілген дәйектерді растай түсу мақсатында, 1954-1969 жылдары Сауд Аравия елінің мүфтиі болған Ибн Абдулааххабтың ұрпағы болып табылатын Мухаммед бин Ибрахим Әл-Шейхтің әлемдегі мұсылмандар турасындағы пікірін айта кету керек. Бұл кісі өзінің пәтуасында: «Қазіргі таңда көпшілік мұсылмандардың исламы тек аты ғана. Яхудиелер мен христиандардан ажырату үшін ғана оларға мұсылмандар деп айтылады...» – дейді [9, 77 б.]. Әрине бұл пәтуадан Ибн Абдулааххабтың тәлімі мен оны ұстанатын ғұламалардың әлем мұсылмандарына қатысты тәкфирлік көзқарасын анық байқаймыз. Оларды басқа дін өкілдерінен ажырату үшін ғана, мұсылман деп атауға мәжбүр болады екен.

Бесінші мәселе: Жоғарыда байқағанымыздай Ибн Абдулааххаб ислам тарихында өзінің кәләм ғылымындағы оғаш пікірлерімен танымал тұлға – Ибн Тәймия мазхабының негізінде «таухид» ұғымын негізгі үш санатқа яғни «рубубия, улухия, әсма уә әс-сифат» (жаратушылық, тәңірлік, есімдері мен сипаттары) деп бөледі [10]. Осы негізде ары қарай мұсылмандарды санаттайды. Өзімен пікірлес болмаған мұсылмандарды таухид улухияны білмейді деп айыптап, исламның шеңберінен шығарып отырады.

Бұл турасында Ибн Абдулааххаб трактатының тағы бір тұсында: «Олардың (бұрынғы мүшіріктер) Тәңір дегені біздің заманымыздағы мүшіріктердің «қожайын» (сәид) деген сөзінің мақсаты еді» [7, 8 б.]. Бұл сөзімен олар тек жаратушының бар екенін мойындап, оған құлшылық етуді іске асырмады. Олар Алла

Тағаланы тек қожайын ретінде ғана қабылдайды. Таухид рубубияны мойындап, улухияны мойындамады деп сипаттайды. Қазіргі кездегі тәуэссәл, истиғаса жасайтын мұсылмандар да солар секілді таухид улухияны мойындамай отыр деп бағалайды. Нәтижесінде олардың шарифаттағы үкімі Пайғамбар (с.ғ.с.) дәуіріндегі мүшіріктердің жағдайымен бірдей деген қорытындыны шығарады.

Алтыншы мәселе: Тағы бір таңқаларлық жағдай, Ибн Абдулааххаб өзінің пікірімен келіспейтін, қайшы ұстанымда болған адамды сынаған кезде, мүшіріктермен немесе кәпірлермен салыстыра отырып сынады. Мұны біз трактаттың бірнеше тұсынан байқаймыз. Оның айғағы ретінде автордың «Егер мұны кәпірлердің надандары білетін болса, өзін мұсылман санап исламды жариялап жүрген адамның бұл сөздің мағынасын білмеуі ғажап екен...» [7, 9 б.] деген сөзін айтуға болады. Бұлай ету арқылы өзімен пікірлес болмаған мұсылмандарды Аллаға серік қосушы немесе күпірлік етуші етіп шығаруға ұмытылатыны анық көрінеді. Келесі кезекте бұл Ибн Абдулааххабтың трактатты жазудағы басты мақсаты секілді. Трактатты автор өзіне ерушілерді қайшы пікір иелерімен дауласуға және қарсы тұруға дайындап, қаруландыру үшін жазғандай. Оқырманға тікелей бағыттап отырып айтылады. Оқырманның санасына өзге пікірдегі мұсылмандарға қарсы көңілді қалыптастырады.

Жетінші мәселе: Ибн Абдулааххабтың бұл еңбегіндегі пікірлері өзіне қайшы пікір иелеріне қатысты барынша мейірімсіз әрі қатыгез көзқарасты ұстанатындығын көрсетеді. Оларға ешбір кешірім болмайды, себебі олар Аллаға қарсы шықты, күпірлік етті деп мәселені жасанды үлгіде ұлғайтады. Білместікпен күпірлік сөзді айтып қойған адамға аяушылық немесе кешірім деген болмауға тиіс дейді. Мысалы оның: «Шын мәнінде сен адам баласының күпірлік сөзді айтуы арқылы кәпір болатынын білдің. Ол күпірлік сөзді білместікпен айтуы мүмкін, бірақ оның білместігі кешірілмейді. Кейде Аллаға жақындатады деп айтуы да мүмкін, мүшіріктер ойлағаны секілді...» [7, 11 б.] деген сөзін келтірейік.

Таухид яғни Алла тағаланы жалғыз деп тану әрі сену ұғымы ислам дінінің негізі екені белгілі. Бүкіл пайғамбарлардың барлығының ең алғашқы дағуаты таухидке шақыру болған. Аллаға серік қосу күналардың ең үлкені әрі кешірілмейтіні. Алла тағала Құранда «Шындығында Алла тағала өзіне серік қосқанды кешірмейді, басқа күналарды қаласа кешіреді...»

дейді [2, 4:48]. Сондықтан ислам ғұламалары Алла тағаланың жалғыздығын ғасырлар бойы насихаттап, мәні мен маңызы жөнінде сансыз еңбектер жазды. Бірақ аяттың мақсаты, Аллаға серік қосумен өмірден өткен және дағуатты ести тұра таухидті қабылдамаған адамдарға қатысты. Жай білместікпен күпірлік сөзге немесе іске барған, білгеннен соң қатесін түзеткен адамға бұл аяттың мазмұны қатысты емес.

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Алла Тағала пендесінің білместікпен жасаған қателігін кешіреді деген хадис келген. Ибн Мәжә Әбу Зәһр әл-Ғифариден жеткізген хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Шындығында Алла Тағала менің үмметімнің білместікпен, ұмытып немесе мәжбүрленіп жасаған қателіктерін кешірді...» – дейді [11, 1:659 б.]. Алла Тағала хақында осындай сенімді хабар бола тұра, неге Ибн Абдулуаххаб өзіне қайшы ұстанымда болған адамның білместігін кешіруге рұқсат бермейді екен деген ой келеді? Әхлу сунна ғұламалары осы және басқа да шарифат мәтіндерінің негізінде білместікпен қателік істеген мұсылманның жағдайы ескерілетінін, оған білдіріп әрі түсіндіру қажеттігін, содан кейін ғана шешім шығаруға болатындығын айтып кеткені мәлім. Олай болса, бұл тұста Ибн Абдулуаххабтың бұл сөзін өзіне қайшы көзқарастағы адамның малы мен жанын халал етуді негіздеуге тырысуы деп бағалауға болады.

Сегізінші мәселе: Таухидті мойындамаған құл Алла Тағаланың дұшпаны, келесі кезекте мұсылманның дұшпаны болып табылады. Осы негізде Ибн Абдулуаххабтың еңбегіндегі тағы бір назар аударатын жайт, ол өзі ұстанған ақиданы (сенімді) ұстанбаған адамды таухидтің дұшпандары деп атап, өз оқырманы мен ерушісінің оларға қарсы агрессиясын оятады. Нағыз таухид пен ақиқатты өзіне ғана тиесілі етеді. Мұны біз автордың «Таухидтің дұшпандарының көптеген ғылымдары, кітаптары мен дәлелдері болуы мүмкін. Алла тағаланың: «Оларға елшілер анық айғақтармен келген кезде, өздеріндегі біліммен мақтанып, қуанды...» [2, 40:83] дегені сияқты...» [7, 12 б.] деп келтіретін сөзінен көреміз. Одан да сорақысы былай дейді: «Сенің міндетің, Алланың дініне қатысты өзіне қару болатындай білімді меңгеруің. Сол біліммен имамдары әрі қолбасшылары Алла тағалаға «...Ант етемін, мен сенің тура жолыңа оларды адастыру үшін отырып аламын...» [2, 7:16] деп айтқан анау шайтандармен күресесің...» [7, 13 б.]. Бұл тұста автор басқа дін өкілдері туралы әңгіме өрбітіп отырғаны жоқ әрине. Бұлай деуге біз үшін трактаттың алдыңғы

беттеріндегі пайғамбарды, періштені немесе ізгі адамдарды ортаға салып тәуәссул, истиғаса жасайтындар жөніндегі әңгімесі дәлел болады.

Демек, бұл тұста автор мұсылмандарды өте қауіпті екі нәрсеге теңеп отыр: біріншіден кәпірлер мен мүшіріктерге қатысты аятты тікелей өз қарсыластарына қатысты келтіруі. Екіншіден, бүкіл адамзаттың дұшпаны – Ібіліске қатысты Құран сөздерін өзінің ақидасымен келіспейтіндерге тиістіруі. Ібіліс және оның әскерлері шайтандар әлбетте кәпір немесе мүшірік болады. Мұның барлығы трактаттың мақсаты автор мен оған ерушілерден басқа мұсылмандарды күпірлікпен немесе Аллаға серік қосумен айыптау болып табылатындығын көрсетеді. Ибн Абдулуаххаб өз ерушісін әхлу сунна ғұламаларының білімі мен кітаптарына еріп кетуі ықтималының алдын алуға тырысып бағуда. Осы әрекетін қуаттау мақсатында жоғарыдағы Ғафир сүресіндегі исламды мүлде қабылдамаған мүшіріктерге қатысты аятты келтіреді. Осылайша автор бұл сөздерімен Құран аятының мақсатын бұрмалап қиянат жасап отыр.

Тоғызыншы мәселе: Ибн Абдулуаххаб өз еңбегінің мына бір тұсында «Ей мүшірік, Құран мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздерінен сенің айтқаныңды білмеймін. Бірақ мен, Алланың сөзі біріне-бірі қайшы келмейді, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөзі Алланың кәләмына қайшы болмайды деп кесіп айтамын – де. Осы дұрыс әрі жақсы жауап. Мұны тек Алла Тағала нәсіп еткен адам ғана түсінеді. Бұл Алла Тағала «мұндай (сый) тек сабыр еткендерге ғана беріледі және несібесі ұлық болғанға ғана нәсіп етеді» [7, 41:35] деп айтқаны секілді...» деп тәкфиризм идеясына толық негіз болатын пікірлерді келтіреді [7, 17 б.]. Демек, ол өз ұстанымына қарсы болған мұсылманды ашық түрде мүшірік деп атап отыр. Сонымен қатар, өзіне ерушілердің санасын толығымен билеуге әрекет етуін байқаймыз. Олардың айтып жатқанын сен ойланып, басыңды қатырма. Мен не айтамын соны ғана түсін, осылай ғана жауап бер деп үстемдік-жүктемелік тәсілді қолданады. Басқалардың пікірі мен көзқарасы діннің ешбір негіздеріне сай келмейді. Ақиқат міне осы ғана деп ерушісіне ескертеді. Оған ұстанған жолының Алланың тарапынан үлкен сый екенін айтады. Осылайша, ерушіні ақиреттік сауаптан үміттендіру арқылы, көңілін тұрақтатады.

Онныншы мәселе: Ибн Абдулуаххаб трактатта ізгілердің Алла құзырындағы құрметі мен мәртебесін алға тарта отырып, тәуәссул немесе истиғаса жасаған адамды Алланың дұшпаны деп есептейді. Мұны біз автордың:

«Алла дұшпандарының Елшілердің дініне қарсы келетін уәждері көп. Осылайша олар адамдарды дін жолынан тайдырады. Соның мысалы ретінде олардың: «біз Аллаға серік қоспаймыз. Керісінше, біз серігі жоқ жалғыз Алладан басқа ешкімнің жаратпайтындығына, ризық бермейтініне, пайда немесе зиян келтіре алмайтындығына куәлік етеміз. Абдулқадир (әулие тұлға) былай тұрғанда, Мұхаммед алайһи сәләм да өзіне пайда немесе зиян келтіре алмайды. Бірақ, мен күнәхар құлмын. Ізгілердің Алла құзырында құрметі бар. Мен Алладан сұраймын» деген сөздерін айтуға болады. Сен оларға былай жауап бер, Алла Елшісі олармен соғысқандар да сен айтқандарды айтушы еді. Олар өздерінің бұттарының қолынан ешнәрсе келмейтінін білді. Алайда, олардың мақсаты құрмет пен шапағат еді...» – деп келетін сөзінен көреміз [7, 17-18 б.].

Шариғаттағы «Алланың дұшпаны» деген атаудың мағынасына қарайтын болсақ, Имам Ибн Касир Құранның Фуссилат сүресіндегі «Алланың дұшпандары тозақтың отына қарай жиналатын күні...» деген аяттың тәпсірін, «Аллаға серік қосушылар (мүшіріктер) тозақтың отына қарай жиналады...» деп түсіндіреді [12, 4:92 б.]. Олай болса, Ибн Абдулауххабтың бұл тұстағы «Алланың дұшпандары» деген сөзінің мақсатын «мүшіріктер» деп түсінуге толық негіз бар. Мұсылманның өзге мұсылман адамды мүшірік деп есептеуі оны исламның шеңберінен шығару, күпірлікпен айыптау болып табылады. Осы тұста Алла Елшісінің соғысы туралы тағы да айтып өтеді. Автордың бұл сөздерінен Пайғамбар сендер секілді топпен соғысып, қандарын халал еткендей, біз де олардың қанын төгуіміз қажет деген мағынаны бірден түсінуге болады. Мұсылман құлды күпірлікпен айыптауға толығымен негіздеме әзірлеп беріп отыр.

Он бірінші мәселе: Ислам дінінде бұтқа табынушылық қатаң айыпталады. Үлкен күнәлардан болып саналады. Ал алдыңғы өткен ізгі құлдар мен әулие пенделердің шапағатынан үмітте болу, Алладан солардың шапағатын сұрау мүлде басқа мәселе. Екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар. Ибн Абдулауххаб осы айырмашылықтарға қарамастан, екі жағдайды бірге қарастырады. Трактатта «Оған (қарсылас тарап): «Алланың бұттарды мақсат еткенді кәпірге шығарғанын білдің ғой, сол сияқты ізгілерді мақсат етушіні де кәпірге шығарды. Алла Елшісі алайһи сәләм олармен соғысты» – деп айт. Егер кәпірлер: «Шын мәніндегі пайда мен зиянның иесі, барша істі реттеуші жалғыз Алла. Мен Оның өзінен ғана тілеймін. Ізгі

құлдардың қолында ештеңе жоқ. Бірақ мен Алладан олардың шапағатын ғана сұраймын» – десе,... оған кәпірлердің тура осылай айтқанын жеткіз...» – делінеді [7, 20 б.].

Ислам шариғатында ізгі пенделердің, шыншылдар мен шейіттік дәрежеге жеткен құлдардың шапағаты ақиқат болып табылады. Аталған тұлғалар қиямет күні өздері қалаған адамдарға Алланың қалауымен қолдаушы болып, шапағатын тигізеді. Олардың күнәларының кешіріліп, жәннатқа кірулеріне себепші болуы әбден ықтимал. Имам Ахмад өзінің муснадында келтірген хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «... қиямет күні.. шыншылдарды шақырыңдар, өздері қалаған кісілерге шапағат етсін... шейіттерді шақырыңдар, өздері қалаған кісілерге шапағатшы болсын...» – дейді [13, 1:194 б.]. Сондай-ақ, Имам Муслим риуаят ететін хадисте Мухаммед (с.ғ.с.): «Қайсыбір кісі қайтыс болып, оның жаназасына жүз мұсылман адам қатысса, олардың барлығы оған шапағат етуді қаласа, шапағатшы болады» – дейді [14, 1:360 б.]. Демек, Алладан ізгі кісілердің, әулие пенделердің қияметтегі шапағат етуін сұраудың ешбір сөкеттігі жоқ. Себебі, ислам шариғаты бойынша әлемдегі әрбір құбылыс Алланың қалауымен ғана болады. Сондықтан, қиямет күні болатын шапағат мәселесін Алладан сұрау міндетті болып табылады. Солай бола тұра, Ибн Абдулауххаб бұл мәселені бұтқа табынумен теңеп, күпірлікке шығарады. Қажет болса, Алла Елшісі олармен соғысқан деуі арқылы, тәкфирлік үрдіске және мұсылманның қанын төгуге алғышарт жасап беріп отыр.

Он екінші мәселе: Ибн Абдулауххаб өзінің тәкфирлік көзқарастарын әрдайым агрессиялық сипатта жеткізуге тырысып бағады. Өзінің пікірімен келіспеген мұсылмандарды мүшірік деп атаумен шектелмей, бұрынғы мүшіріктерден де қауіпті әрі қылмыстары үлкен деп сипаттайды. Бұл турасында трактатта былай дейді: «Егер сен біздің заманымыздағы мүшіріктердің «сенім» деп жүргендері Құранда айтылған, Алла Елшісі ол үшін адамдармен соғысқан «Аллаға серік қосу» екендігін білсең, тағы да біліп қой, бұрынғылардың серік қосуы біздің заманымыздағылардың серік қосуынан жеңілдеу...» [7, 33 б.].

Ибн Абдулауххабтың бұрынғы мүшіріктер дегенінің мақсаты – Пайғамбарға (с.ғ.с.) қарсы шыққан, алғашқы мұсылмандарға дұшпандық жасаған құрайш мүшіріктері екені белгілі. Құрайш мүшіріктері Пайғамбар мен сахабаларға көптеген қысастық жасады. Ислам дағуатын

жүргізуге барынша кедергі келтірді. Иманға келген сахабаларды қинап, қанаушылық көрсетті. Алланың Елшісіне зұлымдық пен жәбірдің түрлерін жасап бақты. Әбу Ләхәб секілді тұлғалар Құранның аяттарымен лағынеттеліп, мәңгілік бақытсыздыққа ұшырағандардың қатарына қосылды. Ибн Абдулауххабтың көзқарасымен келіспеген мұсылмандарды истиғаса мен тәуәссұлге жүгінгені үшін аталған мүшіріктерден қауіпті етіп көрсету исламның әділдігі мен мейірімділік рухына сәйкес келмейді. Біз бұл тұста автордың өзімен келіспеген мұсылмандарға қатысты қатігездігі мен агрессиялық сипаттағы ұстанымын тағы да анық көреміз.

Он үшінші мәселе: Бұл соңғы әрі маңызды алғышарт ретінде атап өту қажет проблема болып табылады. Ибн Абдулауххаб трактатты былай деп түйіндейді: «...Таухид жүрекпен, тілмен және іспен болады. Кімде-кім, осылардың біреуін орындамаса, ол мұсылман болып саналмайды. Таухидті біліп, оған амал етпесе, ол Перғауын, Ібіліс және сол екеуіне ұқсайтындар секілді көпір, әдейі қарсыласушы болып саналады...» [7, 54 б.]. Оның бұлай қағиданы қалыптастыруы, күнә істерді жасаған мұсылмандардың барлығын күпірлікпен айыптауға негіз болады. Бұл пікірді намаз оқымаған мұсылманға қатысты ұстанған Имам Ахмад секілді ғұламалардың болғаны белгілі. Алайда, олардың ешбірі ісінде иманның талабына қайшы әрекетке барған адамды мұншалықты агрессиялық сипатта күпірлікпен айыптамаған.

Ғұламалар адамның ісінің иманның негізгі мәніне кірмейтінін атап айтып өткен. Себебі, мұсылманның иманының мекені – оның жүрегі. Бұл турасында Құранда «Міне осылардың жүректеріне (Алла тағала) иманды нәсіп етті» [2, 58:22], «... олар ауыздарымен иман келтірдік деп, жүректері иманға келмегендер...» [2, 5:41] – делінеді. Алла тағала иманды адамның жүрегіне беретінін анық айтып отыр. Оның мағынасы – иман адамның жүрекпен, жан дүниемен растауын білдіреді. Сондықтан, ғұламалар осындай тұжырымға келген. Соның ішінде Бадруддин әл-Айни аталған аяттарды иманның мағынасы жүрекпен растау екенін атап айтады [15, 1:177 б.]. Алла Тағала Құранда: «Егер мүмін екі топ бірімен-бірі соғысар болса...» дейді [2, 49:9]. Бұл аятта бірінің қанын екіншісі төгуге ұмтылған екі топты мүмін деп атауда. Қаншалықты қылмыскер болса да, Құран оларды мүмін деген атаумен сипаттап отыр. Бұл аятқа байланысты Әл-Кәшмири: «Алла Тағала иманды

күнахарларға сипат ретінде күнәларымен бірге айтып отыр. Егер тағат ету иманның мазмұнына кіргенде, күнә жасау қайшы келіп, екеуі бір жерге жиналмаған болар еді. Жоғарыдағы аятта мүміндердің өзара қару көтеруі күнә әрі харам болса да бірімен-бірі соғысып жатқан екі топты иманмен сипаттады» [16, 1:133 б.].

Сол сияқты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Жәбірейіл періште келіп иман турасында сұрайтын хадисте «Иман – Аллаға, періштелерге, кітаптарға, елшілерге, ақирет күніне, тағдырға жақсылық пен жамандық өлшеулі екеніне сену» деп жауап береді. Мұны есітіп тұрған Жәбірейіл періште «дұрыс айтасын» деп растайды [17, 1:23 б.]. Хадистің түсіндірмесінде имам әт-Тәфтазани: «Жәбірейіл алайһи сәләм Пайғамбарымыздан иман туралы сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) растаумен ғана шектеліп жауап берді. Амал мәселесін қосқаны жоқ» – дейді [18, 5:196 б.]. Хадистің соңында, Пайғамбарымыз сахабаларға «Бұл Жәбірейіл, сендерге діндерінді үйрету үшін келді» – дейді [17, 1:23 б.]. Демек, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылайша сахабалардың діні деп бекітті. Иманға қатысты сұраққа адам баласының ісін қоспады. Егер амал иманның бір бөлігі болғанда, айтқан болар еді. Исламның мәселелерін Пайғамбарымыздан артық білетін әсте ешкім жоқ екені белгілі.

Қорытынды

Исламнан бұрын арабтар тайпа-тайпа бөлініп, өзара дұшпандық жағдайда өмір сүретін еді. Ислам келгеннен соң арабтар мұсылман үмметке айналды. Дін мен иманның негізіндегі бауырмалдық кеңінен тарады. Құран: «(Алла Тағала) олардың жүректерін бауырластырды. Егер сен (Мухаммед (с.ғ.с.) жердің бетіндегі барлық нәрсені сарып етсең де, олардың жүректерін жарастыра алмас едің. Бірақ, Алла олардың арасын біріктірді» – дейді [2, 8:63]. Мұсылман үмметінің негізгі мақсаты мұсылмандарды біріктіру, қоғамды тұтастыру. Осы мақсатқа қайшы сипаттағы әрбір құбылыс мұсылман үмметінің мүддесіне қарсы болып табылады. Мұның айғағы ретінде қазіргі заманда мұсылмандардың арасында орын алып жатқан өзара күпірлікпен айыптау құбылысын айтуға болады. Бір Аллаға сенген, бір қыблаға қарап намаз оқып, бір пайғамбарды мойындаған екі адамның бірін-бірі алақоздеуі үмметтің ең үлкен трагедиясы іспеттес. Бүгінге дейін түрлі күштер мен ықпалдың арқасында әлемге етек жайып таралып бара жатқан Мухаммед

бин Абдулаухабтың тәлімі осы трагедиялық құбылыстың негізгі факторларының бірі болып отыр. Мақалада, аталған тұлғаның тәлімінің қарапайым мұсылмандар байқай бермейтін тұстарын талдау, ашу арқылы оның қауіп мен қатерін көрсетуге әрекет жасалды. Себебі, қазіргі мұсылман қоғамы өзара іштей күпірлікпен айыптасу арқылы, жауласуға барып жатыр. Әке мен баланың, ана мен қыздың арасы бұзылды. Билік пен билік басындағыларды күпірлікпен айыптаудың нәтижесінде мемлекеттік құрылымдарға қарсы қарулы іс-қимылдарға бару фактілері орын алды. Мысалы, 2016 жылы маусым айында Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғаның ұйымдастырушылары жөнінде еліміздің Президенті Н. Назарбаев: «Біз мұның салафизм дәстүрлі емес діни

ағымының зұлымдық әрекеті екенін білеміз» – деп мәлімдеді [19]. Қазіргі біз білетін сәләфизм діни ағымы Мухаммед бин Абдулаухабтың ілімінен бастау алатыны барлық сарапшыларға белгілі. Сол сияқты, экстремистік әрекеттері үшін темір тордың арғы жағында отырған қандастарымызды оңалту жұмыстарымен айналысып жүрген елімізге танымал теолог А. Сабдин де «Елімізде 600-ден аса лаңкес сотталған, оның көбі өзін салафиттің деп таныстырады» – деп пікір білдіреді [20]. Демек, Ибн Абдулаухабтың тәлімі жалпы ислам әлеміне, соның ішінде біздің қазақ қоғамына қауіп төндіріп отырған діни факторлардың бірі деп сенімді айта аламыз. Бұл мақала осындай қауіптің алдын алуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Ибн Ражаб А.Ш. Жамиғ әл-улум уә әл-хикам фи шарх хамсина хадисан мин жәуамиғ әл-кәлим – Дамаск: Дәр Ибн Касир баспасы, 1429/2008. – 956 б.
- 2 Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі – Медина: Екі Харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шариф басым комбинаты 1990. – 604 б.
- 3 Әл-Бухари М.И. Сахих әл-Бухари. – Эр-Рияд: Дар Ишбилия, 8 томдық.
- 4 Әл-Мәлики Х.Ф. Дағиятун ләйсә набиян: қираатун нақдиятун лимазхаб әш-Шейх Мухаммед бин Абдулаухаб фи әт-тәкфир – Амман: Дәру әр-Рази баспасы, 2004/1425. – 198 б.;
- 5 Ән-Нәжди әл-Ханбали С.А. Ас-сауағиқ әл-иләхия фир-радди ала әл-уәххәбия – Бейрут: Дәр зул-фақар баспасы, 1998 – 207 б.
- 6 Имам әс-Субки А.А. Шифа әс-сақам фи зиярат хайр әл-әнәм. – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-ғилмия баспасы, 2008 – 552 б.
- 7 Абдулаухаб М. Кәшф әш-шубухат (Күмандарды әшкерелеу). – Эр-Рияд: Король Фахд атындағы ұлттық баспа, 1998/1419. – 64 б.
- 8 Әл-Бәжури И.М. Фатх әл-мәжид фи бәян тухфат әл-мурид ғала жәухарату әт-таухид – Дамаск: Мәктабату дәр әл-бейруни баспасы, 2002/1423. – 536 б.
- 9 Әл-Шейх М.И. Фәғәуа уә расаил Шейх Мухаммед ибн Ибрахим Әл-Шейх – Мекке: Үкімет баспасы, 1399 h. – 13 томдық.
- 10 Әл-Ғарси М.А. Ашғарилер мен Ибн Тәймия арасындағы таухидті үшке бөлу мәселесі // <http://www.almostaneer.com/Pages/VbothDetails.aspx?ID=40>;
- 11 Әл-Қазуини М.Я. Сунан ибн Мәжә – Дәр иһя әл-кутуб әл-арабия баспасы, 2 томдық.
- 12 Ибн Касир И.И., Тәфсир әл-Құран әл-Азим – Дәрул иһя әт-турас әл-араби баспасы, 2000/1420 h. – 5 томдық.
- 13 Ибн Ханбал А. Муснад әл-имам Ахмад – Дәрул муәссәсату әр-рисәлә баспасы, 50 томдық.
- 14 Әл-Құртуби А.О. Талхис сахих әл-Имам Муслим – Дәрус сәләм баспасы, 1993/1414 h. – 2 томдық.
- 15 Бадруддин әл-Айни М.А. Умдатул қари шарх сахих әл-Бухари – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-ғилмия баспасы, 2001/1421 h. – 25 томдық.
- 16 Әл-Кәшмири М.А. Файдул бәри шарх сахих әл-Бухари – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-ғилмия баспасы, 2005/1426 h. – 6 томдық.
- 17 Әл-Қушайри ән-Нәйсабури М.Х. Сахих Муслим – Эр-Рияд: Дәр Таиба баспасы, 2006/1426 h. – 2 томдық.
- 18 Әт-Тәфтазани М.О. Шарх әл-Мақасид – Қумм: 1989/1409 h. – 5 томдық.
- 19 Назарбаев Ақтөбеде болған терактілерді салафизм діни ағымының зұлымдық әрекеті деп атады// https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-aktobede-bolgan-teraktlerd-salafizm-dni-270392/;
- 20 Қазақстанда салафизм идеологиясына тыйым салу ұсынылды// https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-da-salafizm-ideologiyasyina-tyiyim-salu-270265/.

References

- 1 Ibn Rajab A.Sh., Jamig al-ulum ua al-hikam fi sharh khamsina hadisan min jauamig al-kalim – Damascus: Dar Ibn kasir baspasy, 1429/2008 – 956 b.;

- 2 Altai KH., Kuran Karim kazaksha magynasy zhane tusinigi – Madina: Eki haramnyn kyzmetkeri Fahd patshanyn Kuran Sharif basym kombinaty, 1990 – 604 b.;
- 3 Al-Buhari M.I., Sahih al-Buhari – Ar-Riyad: Dar ishbiliya, 8 tomдық;
- 4 Al-Maliki H.F., Daiyatun laisa nabiyan: kiraatun nakdiyatun limazhab al-Sheikh Muhammed bin Abduluahhab fi at-takfir – Amman: Daru ar-Razi baspasy, 2004/1425 – 198 b.;
- 5 An-Najdi al-Hanbali S.A., As-sauagik al-ilahiya fir-raddi ala al-uahhabiya – Beirut: dar zul-fakar baspasy, 1998 – 207 b.;
- 6 Imam as-Subki A.A., Shifa as-sakam fi ziyarat khair al-anam – Beirut: Dar al-kutub al-gilmiya baspasy, 2008 – 552 b.;
- 7 Abduluahhab M., Kashf ash-shubuhah (Kumandardy ashkereleu) – Er-Riyad: Korol Fahd atyndagy ulttyk baspa, 1998/1419 – 64 b.;
- 8 Al-Bajuri I.M., Fath al-majid fi bayan tuhfah al-murid gala jauharatu at-tauhid – Damascus: Maktabat al-beiruni baspasy, 2002/1423 – 536 b.;
- 9 Al-Sheikh M.I., Fataua ua rasail Sheikh Muhammad bin Ibrahim al-Sheikh – Mekka: Ukimet baspasy, 1399 h. – 13 tomдық;
- 10 Al-Garsi M.A., Ashgariler men Ibn Taimiya arasyndagy tauhidti ushke bolu maselesi// <http://www.almostaneer.com/Pages/BhothDetails.aspx?ID=40>;
- 11 Al-Kazuini M.YA., Sunan Ibn Maja – Dar ihya al-kutub al-arabiya baspasy, 2 tomдық;
- 12 Ibn Kasir I.I., Tafsir al-kurani al-azym – Darul ihya at-turas al-arabi baspasy, 2000/1420 h. – 5 tomдық;
- 13 Ibn Hanbal A., Musnad al-imam Ahmad – Dar muassasatu ar-risala baspasy, 50 tomдық;
- 14 Al-Kurtubi A.O., Talhis sahih al-imam Muslim – dar as-salam baspasy, 1993/1414 h. – 2 tomдық;
- 15 Badruddin al-Aini M.A., Umdatul kari sharh sahih al-Bukhari – Beirut: Dar al-kutub al-gilmiya baspasy, 2001/1421 h. – 25 tomдық;
- 16 Al-Kashmiri M.A., Faidul bari sharh sahih al-Bukhari – Beirut: Dar al-kutub al-gilmiya baspasy, 2005/1426 h. – 6 tomдық;
- 17 Al-Kushairi an-Naisaburi M.H., Sahih Muslim – Er-Riyad: Dar Taiba baspasy, 2006/1426 h. – 2 tomдық;
- 18 At-Taftazani M.O., Sharh al-makasid – Kumm: 1989/1409 h. – 5 tomдық;
- 19 Nazarbayev Aktobede bolgan teraktilderdi salafizm dini agymynyn zulymdyk areketi dep atady// https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-aktobede-bolgan-teraktlerd-salafizm-dni-270392/;
- 20 Kazakstanda salafizm ideologiyasyna tyiym salu usynyldy // https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-salafizm-ideologiyasyna-tyiyyim-salu-270265/.